Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдеп нормаларын түсіндіру бойынша өткізілген іс-шараның хаттамасы

Күні: «11» тамыз 2026 жыл
Өткізілген орны: ШҚО білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент), Крылов көшесі, 80 үй

Қатысқандар: Департаменттің әдеп жөніндегі уәкілі – Жумабекова С.М., Департаменттің бас мамандары: Казымова А.Ж., Сыйхымбаева А.Г.
Қатысушылар саны: 3 мемлекеттік қызметші

Күн тәртібі:

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын орындау.

Тыңдалды:

Іс-шара барысында мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің негізгі талаптары түсіндірілді.

Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау кезінде әдептілік танытуы, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен құрмет көрсетуі, дөрекілікке және азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітетін әрекеттерге жол бермеуі қажеттігі атап өтілді.

Сонымен қатар, мүдделер қақтығысын болдырмау, еңбек тәртібін сақтау, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын шектеулерді орындау, қызметтік міндеттерін адал және сапалы атқару мәселелері қаралды.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқына қойылатын талаптар, атап айтқанда, қоғамдық тәртіпті сақтау, айналасындағыларға құрметпен қарау және мемлекеттік қызметшінің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сөз сөйледі:

Департаменттің әдеп жөніндегі уәкілі С.Жумабекова мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мемлекеттік қызметтің беделін арттырудағы маңызды факторлардың бірі екенін атап өтті.

Семинар барысында қатысушылардың сұрақтарына жауаптар беріліп, қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу бойынша тиісті түсіндірмелер мен ұсынымдар берілді.

Қаулы етілді:

1. Мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын қатаң сақтау тапсырылсын.
2. Қызметтік міндеттерді орындау барысында азаматтармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдептілік, сыпайылық және құрмет қағидаттарын сақтау қамтамасыз етілсін.
3. Мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу және мемлекеттік қызметшілерге белгіленген шектеулерді сақтау бойынша тиісті шаралар қабылдансын.
4. Қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

Хаттаманы жүргізген: _____ **А.Ж. Казымова**

Әдеп жөніндегі уәкіл: _____ **С. М. Жумабекова**